

2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" облыстық бағдарламасы туралы.

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2004 жылғы 21 қазандағы N 66/8 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 7 қарашада N 2787 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" облыстық бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама).

2. Облыс қаржы департаменті жыл сайын Бағдарламаның дер кезінде қаржыландыруын қамтамасыз етсін.

3. Облыс мәдениет департаменті жыл сайын 20 қаңтар мерзіміне орай облыстық мәслихаттың әлеуметтік және мәдени дамуы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына Бағдарламаны іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынатын болсын.

4. Осы шешімнің орындауын бақылау облыстық мәслихаттың әлеуметтік және мәдени мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы А.Гуськов

Облыстық мәслихаттың хатшысы Р.Гафуров

2004 - 2006 жылдарға арналған
облыстық "Мәдени мұра" бағдарламасы
жөніндегі Павлодар облыстық
мәслихатының 2004 жылғы
21 қазандағы N 66/8 шешіміне

қосымша

**2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра"
облыстық бағдарламасы**

1. Паспорт

Атауы 2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра"
облыстық бағдарламасы

Әзірлеу үшін негіз Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.
Назарбаевтың 2003 жылғы 4 сәуірдегі "2004

жылға арналған ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары" атты Қазақстан халқына Жолдауы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылы 13 қаңтардағы "2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы туралы" N 1277 Жарлығы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 ақпандағы "2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" N 171 қаулысы, облыстық Мәслихаттың (III сайланған II сессиясы) 2003 жылғы 26 желтоқсандағы "Облыстың "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған Бағдарламасын" іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" N 165/2 шешімі

Негізгі әзірлеушілер

Павлодар облысы мәдениет; ішкі саясат; мұрағаттар, денсаулық сақтау; ауыл шаруашылығы; туризм және спорт; білім департаменттері, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (келісім бойынша), Павлодар университеті (келісім бойынша), Павлодар мемлекеттік педагогика институты (келісім бойынша)

Мақсаты

Тарихи-мәдени мұраларды зерттеу, сақтау және қалпына келтіру жөнінде шаралар әзірлеу және оларды рухани және санаткерлік білім салаларын байыту мақсатында тиімді пайдалану қоғам дамуының әлеуметтік-мәдени негізін одан әрі қалыптастыру үшін мәдени мұра - тарихи-мәдени ескерткіштерді, оның ішінде археологиялық, этнографиялық, фольклорлық, сәулет ескерткіштерін сақтау мен зерттеуді қамтамасыз етудің тұтас жүйесін құру

Міндеттері

Маңызды тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту, мәдени мұраны, соның ішінде қазіргі заманғы ұлттық мәдениетті, фольклор, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің тұтас жүйесін құру, ұлттық әдебиет пен жазудың ғасырлық тәжірибесін қорыту (жергілікті материал бойынша), мемлекеттік тілде гуманитарлық білім қорын құру (басылым жобалары негізінде), тарихи энциклопедиялық әдебиеттер қорын құру, қол жеткен ғылыми білімді әйгілеу, мемлекеттік тілде ұлттық әдебиет пен жазудың, ғылыми ойлардың, мәдениет пен әдебиеттің ең үздік үлгілерін дайындау және басып шығару

**Қаржыландыру
дері мен көздері**

көлем-

Республикалық және жергілікті бюджеттер
қаражаты, сондай-ақ Қазақстан
Республикасының заңнамасымен тыйым
салынбаған өзге де қаржы көздері
Қаржыландырудың жалпы көлемі 268,5 млн.
теңге құрайды, соның ішінде облыс
бюджетінен 218,0 млн. теңге, заңнамамен
тыйым салынбаған қаржы көздерінен, -
30,7 млн. теңге, республикалық бюджеттен
- 19,8 млн. теңге
2004 жылға болжанған шығынының жалпы
көлемі 16,4 млн. теңге, облыстық бюджеттен
- 1,0 млн. теңге, оның ішінде аудандық
бюджеттен 1,0 млн. теңге, Қазақстан
Республикасының заңнамасымен тыйым
салынбаған қаржы көздерінен - 3,6 млн.
теңге, республикалық бюджеттен - 11,8
млн. теңге
2005 жылға болжанған шығынының жалпы
көлемі - 196,7 млн. теңге, облыс
бюджетінен - 167,5 млн. теңге, соның
ішінде облыстық бюджеттен - 91,5 млн.
теңге, қалалық бюджеттен - 67,6 млн.
теңге, аудандық бюджеттен - 8,4 млн.
теңге, Қазақстан Республикасының
заңнамасымен тыйым салынбаған қаржы
көздерінен - 26,3 млн. теңге,
республикалық бюджеттен 3,0 млн. теңге
2006 жылға болжанған шығынының жалпы
көлемі - 55,3 млн. теңге, облыс бюджетінен
- 49,5 млн. теңге, соның ішінде облыстық
бюджеттен - 35,6 млн. теңге қалалық
бюджеттен - 12,7 млн. теңге, аудандық
бюджеттен - 1,2 млн. теңге, Қазақстан
Республикасының заңнамасымен тыйым
салынбаған қаржы көздерінен - 0,8 млн.
теңге, республикалық бюджеттен - 5,0 млн.
теңге

Күтілетін нәтижелер

10 сәулет ескерткіштері-ғимараттарындағы
жөндеу-қайта қалпына келтіру жұмыстарын
ұйымдастыру, археологиялық қазбалар мен
ізденісті - зерттеу жұмыстары кезінде
табылған барлық заттар мұражайын жасау,
археологиялық мұрағат және этномәдени
зерттеулерін жинақтау, ғылыми еңбектер
мен оқу құралдарын, монографиялар жасау,
оларды дайындау және басып шығару (жеке
жоспар бойынша), этномәдениет, қолданбалы
ғылыми зерттеулерді, экспедицияларды
ұйымдастыру, құнды тарихи-мәдени
ақпараттар ала отырып, Қазақстан мен
Ресей мұрағаттарында іздеу жұмыстарын
ұйымдастыру (облыс аудандары мен одан
тысқары жерлерге барлығы 33 рет шығу),

тарихи-мәдени мұраларды сақтау және дамыту
тақырыбы бойынша әлеуметтік жарнамалар
мен бұқаралық ақпарат құралдарын ұдайы
ақпараттық қолдауды ұйымдастыру

Іске асыру мерзімі

2004-2006 жылдар

2. Кіріспе

2004-2006 жылдарға арналған облыстық "Мәдени мұра" бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 4 сәуірдегі "Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылғы негізгі бағыттары" Қазақстан халқына Жолдауына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы "2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы туралы" N 1277 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 ақпандағы "2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" N 171 қаулысына, сонымен қатар, облыстық Мәслихатының (III сайланған II сессиясы) 2003 жылғы 26 желтоқсандағы "Облыстың "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған Бағдарламасын" іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" шешіміне сәйкес әзірленді. Осы Бағдарламаны әзірлеу қолда бар мәдени құндылықтарды сақтау және ұтымды пайдалану жөніндегі қызметті жоспарлы қаржыландыру жолымен мәдени мұра саласында қалыптасқан ұйымдастырушылық жағдайға белсене, сындарлы араласудың қажеттігінен туындады. Бұл аудандық және қалалық бағдарламаларды әзірлеу үшін негіз болып табылады.

3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Ертістің Павлодар өңірінің қазіргі кездегі тарихи-мәдени мұрасының жай-күйі дәстүрлерді сақтау және одан әрі дамыту жөніндегі шаралар кешенін қолдан келгенше қамтамасыз етумен, тарих пен мәдениеттің жаңа ескерткіштерін ашумен, консервациялау жұмыстарын жандандыру, қадым заман, антикалық, орта ғасырлық ескерткіштерді, жаңа және жаңаша тарихты жаңғырту, олардың базасы негізінде мемориалдық-қорықтық және туристік кешенді жөніндегі қомақты шаралар кешенін қамтамасыз етумен сипатталады.

Соңғы алты жыл ішінде, 1998 жылдан 2003 жылға дейін инфрақұрылымды жақсарту бағытында елеулі шаралар қолданылды. Мәдениет саласын қолдау мен дамытудың аймақтық бағдарламалары жасалып енгізілді; мәдениет мекемелері мен бұқаралық іс-шараларды материалдық-техникалық қамтамасыз етудің ұтымды жүйесі тұрақтандырылып, дамуда; Қазақстан халықтарының Кіші ассамблеясымен тығыз қарым-қатынас қалыптасты.

Меншіктің барлық түріндегі 641 кітапхана мен 145 клубтың бос уақыт мекемесі, иеліктің барлық түріндегі 190 мұражай, 14 мұрағат толық

қанағаттанарлық жұмыс атқаруда.

Мәдениет мекемелерінің жүйесі кеңейтілді - 31 кітапхана мен 24 клуб, 2 жаңа мұражай ашылды; облыстық халық шығармашылығы мен мәдени-сауық қызметі облыстық орталығы "Шаңырақ" облыстық халық шығармашылығы мен мәдени-сауық қызметі орталығы болып қайта құрылды, камералық хор мен симфониялық оркестр кәсіби негізде құрылып жұмыс жасауда. 2004 жылдың басында мемлекеттік мәдени мекемелер жүйесінде 192 кітапхана, 130 клуб пен Мәдениет үйі, 11 мұражай, 2 театр, 1 камералық хор, 1 симфониялық оркестр б о л д ы .

Мұрағаттар, кітапханалар мен мұражайларда бағалы отандық және әлемдік рухани мәдени құндылықтар болып саналатын сирек кездесетін құжаттар, басылымдар, экспонаттар, суретшілер шығармалары сақталуда.

Қазіргі кезде облыста тарихи, археологиялық, сәулет және монументальды өнердің 805 жылжымайтын ескерткіштері бар, соның ішінде: 316-ы мемлекет қорғайтын объектілер тізіміне енгізілген. Олардың ішінде алғашқы қауым тұрған жерлер, Өлеңті және Ақбидай мекеніндегі тасқа салынған суретті жалпақ тас, Жасыбай көлінің қасындағы Драверт үңгірі және әулиетастың діни үңгірі ең ежелгілері болып саналады. Бірегей объектілер (Павлодардағы көпес А. Деровтың сауда үйі, Баянауылдағы ақын Ж.М. Байжанов пен Ақтоғай ауданындағы ақын Е. Беркімбаевтың зираттары) республикалық деңгейдегі ескерткіштер тізіміне енгізілді.

Тарихи-мәдени объектілерді ашуға, зерттеуге, сақтауға және пайдалануға көп көңіл бөлінеді. Бұл жұмысты ұйымдастыру мен жүргізуде бағалы тәжірибе түзілуде, зерттелуде және жинақталуда, ол Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылуда.

Сонымен бірге мәдениет саласында қалыптасқан үздіксіз прогрессивті даму жағдайы мен үрдісі дамыған елдердегі дамудың айырмашылығын білдіретін қазіргі заманғы жетістіктерді жеделдету үшін осы бағыттағы қызметті одан әрі жетілдіру және жандандыру жөніндегі шаралар кешенін қолдануды талап етеді.

Облыс өмірінде түпкілікті өзгерістер болуда. Осыған байланысты көптеген мәдениеттану қызметінің түрлері мен әдістері, сондай-ақ тарихи-мәдени объектілердің бір бөлігі өзінің қажеттілігін жоғалтып алды, басқа мәдени мұралардың түрлері неғұрлым қазіргі жағдайға сәйкес енгізуге, ұстауға, жаңғыртуды ұйымдастыруға, мәдени мұралардың барлық түрлерін пайдалану мен зерделеуге деген қаражат пен шығындарды қажет етеді.

Павлодар облысы аймағының тарихында мемлекеттік нысандардың қалыптасуын көрсететін ежелгі және ортағасырлық ескерткіштерге де көңіл бөлінуі керек. Тіпті және қазіргі уақыттағы объектілер урбанизацияның, индустриализацияның, техногендік процестердің нәтижесі және экологиялық

жағдайдың төмендеуінің салдарынан болатын қирау мен жойылудан берік қ о р ғ а л м а ғ а н .

Тарихи-мәдени мұраны сақтау және пайдалану, зерттеу түрлерінің толық дамымағаны объектілердің жағдайына әсер етуде. Халықтық тәжірибе мен шығармашылығынан пайда болған материалдық емес, рухани-санаткерлік құндылықтар сапалы игеруді (салт-дәстүр, фольклор және мифология, көркем және шаруашылық кәсіп, халық кәсібінің түрлері мен мұраты және бейнесі, медицина, спорт және педагогика) талап етеді.

Негізгі міндеттер мұражайлар мен мұрағаттарға жүктеледі, бұл қорларда көп уақыт сақталуды қажет ететін өткеннің куәгерлері ретіндегі құжаттар көп. Бұл мақсаттар үшін кино-, фото-, фонографиялық және электромагниттік тасуда сақталған регенерация және ең бағалы деректердің ақпараттарын көшіруге қаражат керек. Оған кескіндеме кенептері, графикалық және мүсін жұмыстары көшірмелерін сақтау мәселесі де қосылады.

Қазіргі заман және Қазақстан тарихының ажыратылмайтын бөлігі болып табылатын аймақтың тарихи-мәдени құндылықтарын сақтап, қайта түлету және зерттеу мәселелерін кешенді шешу Бағдарлама аясында Қазақстан халқының мәдени мұрасының барлық жүйесін насихаттауға және қорғауға, одан әрі зерттеуге, қорғау мен жария етуге көмектесетін болады.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

М ы н а л а р :

тарихи-мәдени мұраны зерделеу, сақтау және жаңғырту мен оны рухани және санаткерлік-білім беру саласын байыту мақсатында тиімді пайдалану жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу; мәдени мұра - тарихи-мәдени, соның ішінде қоғамды дамытудың әлеуметтік-мәдени негізін одан әрі қалыптастыру үшін археологиялық, этнографиялық, фольклорлық, сәулет ескерткіштерін сақтау мен зерделеуді қамтамасыз етудің тұтас жүйесін құру Бағдарламаның мақсаты болып т а б ы л а д ы .

М ы н а л а р :

еліміздің және облысымыздың қайталанбас тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту;

мәдени мұраны, соның ішінде қазіргі таңдағы ұлттық мәдениетті, фольклор, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің тұтастай жүйесін жасау;

ұлттық әдебиет пен жазудың сан ғасырлық тәжірибесін (жергілікті материалдар негізінде) қорыту;

гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын (баспа жобасының негізінде) жасау;

тарихи энциклопедиялық әдебиет қорын жасау, ғылыми білімдерді кеңінен ж а р и я е т у ;

мемлекеттік тілде ұлттық әдебиет пен жазудың таңдаулы үлгілерін, әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениеттің жетістіктерін дайындау және шығару Бағдарламаның міндеттері болып табылады.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Бағдарламаны іске асыру жұмысы бірнеше бағытта ұйғарылып, нақты тәжірибелі шараларды жасауды және бұнда кең шеңбердегі ынталылық білдірген заңды және жеке тұлғалардың қатысуын, оларды Бағдарлама шараларына салынған құжаттарды игеруге қатыстыруды қарастырады.

Бағдарламаның негізгі бағыттары мен іске асыру тетігі төменде баяндалған б ө л і м д е р д е к ө р с е т і л г е н .

Ұлттық тарихтың тарихи-мәдени, сәулеттік және археологиялық ескерткіштерін қайта жаңғырту.

Бұл бағыттар ескерткіштер, ежелгі - ескі заман бұйымдарын қорғау мен пайдалану жөніндегі жүйелі зерделеу жұмысын көздейді. Бұл салада жұмыс жасайтын мекемелер мен тұлғалар тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау туралы заңнамалық актілерге сүйенеді.

Облыс аумағында тарихи-мәдени құндылығы орасан зор 805 жылжымайтын объектілер бар. Бағдарламаларда 10 сәулет ескерткіштері ғимараты мен 1 тарихи ескерткішті (Д. Багаевтың моласын) жөндеу және қалпына келтіру, 10 археология объектісін зерттеу, облыс қалалары мен аудандарындағы бірқатар тарихи және мәдени ескерткіштерді жөндеу және көріктендіру қарастырылған. 2 жаңа мүсіндік ескерткіш пен 1 ескерткіш стела орнату жоспарлануда. Ерекше құнды және көне заттарды қайталау; жеке адамдардың қолындағы сирек басылымдарды, антикварлық заттарды, жалпы және арнаулы коллекцияларды і з д е п т а б у о й л а с т ы р ы л у д а .

Бөлімде барлау жұмыстары, қазу және табылған заттарды зерделеу жұмысы жалғастырылып жатқан, басталған және жоспарланған археология объектілері көрсетілген. Бұрын тарихнамада болған ұстанымдар мен көзқарастарды қайта қарауға мүмкіндік беретін неғұрлым тартымды ғылыми материалдар алуға болатын жерлер іріктеліп алынды.

Қазақ халқының мәдени мұрасын зерделеудің тұтастай жүйесін құру.

Бұл бөлімде экспедициялар, мұрағаттық-кітапханалық және мұрағаттық-музейлік зерттеулер өткізу, баспалық нысандарды басуға дайындау, біріккен ғылыми-практикалық жобаларды жүзеге асыру, салалық музейлер құру ж о с п а р л а н ы п о т ы р .

Бұқаралық ақпарат құралдарында басылымдар, бейнефильмдер, жарияланымдар әзірлеу және шығару, көрнекі жарнама.

Бастапқы екі бағыт бойынша барлық көпқырлы жұмыс буклеттер,

кітапшалар мен кітаптар, бейнекинофильмдер шығару және сатып алу, бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз ынтымақтастық жасау, көрнекі жарнама құралдарын қолдану жолымен қолайлы және ақпараттық орта жасау арқылы қ а т а р ж ү р і п о т ы р а д ы .

Ұлттық және әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиет дестелерін ә з і р л е у .

Бұл бағытта тарихи-мәдени мұраны сақтау мен пайдалану мәселелерін пысықтау үшін негіз боларлық маңызы бар нақты арнауы тарихи кескіндемелі пәндер бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын дамыту жоспарлануда. Іс-шараларда көздерді іріктеу, жаңа ғылыми деректерді теориялық жинақтау және іргелі ғылым көтерген мәселелер бойынша монографиялар мен публицистикалар топтамаларын жарыққа шығару қарастырылады.

6. Қажетті ресурстар және қаржыландырулардың негізгі көздері

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен жүзеге асырылады.

Қаржыландырудың жалпы көлемі 268,5 млн. теңгені құрайды, соның ішінде облыс бюджетінен - 218,0 млн. теңге, Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған қаржы көздерінен - 30,7 млн. теңге, республикалық бюджеттен - 19,8 млн. теңге.

2004 жылға болжанған шығындардың жалпы көлемі - 16,4 млн. теңгені құрады, облыс бюджетінен - 1,0 млн. теңге, соның ішінде аудандық бюджеттен - 1,0 млн. теңге, қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған қаржы көздерінен - 3,6 млн. теңге, республикалық бюджеттен - 11,8 млн. теңге.

2005 жылға болжанып отырған шығындардың жалпы көлемі - 196,7 млн. теңгені құрады, облыс бюджетінен - 167,5 млн. теңге, соның ішінде облыстық бюджеттен - 91,5 млн. теңге, қалалық бюджеттен - 67,6 млн. теңге, аудандық бюджеттен - 8,4 млн. теңге, Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған қаржы көздерінен - 26,3 млн. теңге, республикалық бюджеттен - 3,0 млн. теңге.

2006 жылға болжанып отырған шығындардың жалпы көлемі - 55,3 млн.теңгені құрайды, облыс бюджетінен - 49,5 млн. теңге, соның ішінде облыстық бюджеттен - 35,6 млн. теңге, қалалық бюджеттен - 12,7 млн. теңге, аудандық бюджеттен - 1,2 млн. теңге, Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған қаржы көздерінен - 0,8 млн. теңге, республикалық бюджеттен - 5,0 млн. теңге.

7. Күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру облыс тұрғындарының рухани-білім беру және азияттық-мәдени деңгейінің көтерілуіне, өскелең ұрпақты әлемге ортақ

құндылықтар, қазақстандық отаншылдық рухында тәрбиелеуге, қоғамды одан әрі топтастыруға ықпал етеді.

Мыналар:

- 10 сәулет ескерткіштері ғимараттарының жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастыру;
- археологиялық қазба және іздеу-барлау жұмыстары барысында жиналған барлық олжалардың мұражайын жасау;
- археологиялық, мұрағаттық және этномәдени зерттеулерді қорытындылау; монографиялар, ғылыми еңбектер мен оқу құралдарын жасау; басылымдарды дайындап жарыққа шығару (жеке жоспар бойынша);
- этномәдени экспедицияларды, қолданбалы ғылыми зерттеулерді, құнды тарихи-мәдени ақпарат алу үшін Қазақстан мен Ресей мұрағаттарында іздеуді ұйымдастыру (облыс аудандары мен одан тысқары жерлерге барлығы 33 рет шығу) ;
- тарихи-мәдени мұраларды сақтау және дамыту мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік жарнамада ұдайы ақпараттық қолдауды ұйымдастыру күтілетін нәтижелер есебінде болжанып отыр.

2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" облыстық бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Орындалуына жауаптылар	Орындалу мерзімі	Болжанып отырған шығыстар (млн. теңге)	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
Ұлттық тарихтың тарихи-мәдени, сәулет және археологиялық ескерткіштерін қайта жаңғырту						
1	Тарихи және мәдениет ескерткіштерін өңірлер бойынша қалпына келтіру және сақтау Павлодар қаласы (Сәулет ескерткіштерін жөндеу)	Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігіне, облыс әкіміне ақпарат				
	Сауда қатарлары ("Колос" кинотеатры, (Ленин көшесі, 156)		Павлодар қаласының әкімі	2005	23,2	Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған қаржы көздері (инвесторлар)
	КСРО мемлекеттік банкінің филиалы (Облыстық қазынашылық	2004	11,8	Республикалық бюджет

академик Сәтбаев көшесі, 158)		басқармасы (келісім бойынша)			
Көпес Зайцевтің үйі (академик Ә. Марғұлан көшесі, 89, Бұхар жырау атындағы әдебиет және өнер мұражайы)		Павлодар қаласының әкімі	2005	19,1	Павлодар қаласының бюджеті
Көпес Чередовтың үйі (Советтер көшесі, 95-97)		Облыс туризм және спорт департаменті	2005	5,5	Облыстық бюджет
Д.П. Багаевтың қабірі (Пахомов зираты)		Павлодар қаласының әкімі	2005	0,6	Павлодар қаласының бюджеті
Эвакогоспиталь-да жарадан қайтыс болған ұлы Отан соғысы жауынгерлерінің обелискісі (Пахомов зираты)		Павлодар қаласының әкімі	2006	0,5	Павлодар қаласының бюджеті
Өзен вокзалы (академик Ш. Шөкин көшесі)		"Өзен вокзалы" ЖШС (келісім бойынша)	2004	1,7	Қазақстан Республикасының заңнамасында т ы й ы м салынбаған қаржы көздері
Уездік емхана (Абай көшесі, 115)		О.Г. Меликянц ЖК (келісім бойынша)	2004	1,0	Қазақстан Республикасының заңнамасында т ы й ы м салынбаған қаржы көздері
Жазушы А. Некрасовтың үйі (Луначарский көшесі, 5)		"Жиек" КСК (келісім бойынша)	2004	0,06	Қазақстан Республикасының заңнамасында т ы й ы м салынбаған қаржы көздері
Орыс-қырғыз училищесі (29 қараша көшесі, 2)		"ЭКО" ЖШС (келісім бойынша)	2006	0,8	Қазақстан Республикасының заңнамасында т ы й ы м салынбаған қаржы көздері
Көпес Рамазанов-тың үйі (Ленин көшесі, 137)		"Прогресс" ААҚ (келісім бойынша)	2005	1,4	Қазақстан Республикасының заңнамасында т ы й ы м салынбаған қаржы көздері
			2004	0,9	

Сауда қатарлары " Октябрь" ЖШС (Ленин көшесі, 160)		"Октябрь" ЖШС (келісім бойынша)	2005	1,8	Қазақстан Республикасының заңнамасында т ы й ы м салынбаған қаржы көздері
Ақын Павел Васильевтің мұражай - үйінің экспозициялық залына қосымша құрылыс тұрғызу		Павлодар қаласының әкімі	2005	25,0	Павлодар қаласының бюджеті
Жиыны			2004-2005	93,3	
Ақсу қаласы ауылдық а й м а ғ ы (ескерткіштерді, обелискілерді, монументтерді жөндеу және көріктендіру) Кеңес Одағының Батыры Қ. Қамзиннің бюсті (Ақсу қ а л а с ы) Социалистік Еңбек Ері М. Қабылбековтің бюсті (Жолқұдық ауылы)		Ақсу қаласының әкімі	2005 2005	0,06 0,06	Ақсу қаласының бюджеті
Жиыны			2005-2006	0,1	
Ақтоғай ауданы (ескерткіштерді, обелискілерді, монументтерді жөндеу және көріктендіру)					
Кеңес Одағының Батыры С. Мүткеновтің бюсті (Мүткенов ауылы)		Ақтоғай ауданының ауданы	2005	0,3	Ақтоғай ауданының бюджеті
Е. Беркімбаевтың зиратын қалпына келтіру (Естай ауылы)			2006	0,4	Ақтоғай ауданының бюджеті
Жиыны			2005-2006	0,7	
Баянауыл ауданы (ескерткіштерді, обелискілерді, монументтерді жөндеу және көріктендіру)					
		Баянауыл ауданының әкімі	2005	1,0	

Шебер Қамар Қасымовтың бюсті (Баянауыл ауылы)					Баянауыл ауданының бюджеті
Жаяу Мұса Байжановтың зиратын қалпына келтіру			2005	3,0	
Аға сұлтан Мұса Шормановтың зиратына мазар тұрғызу			2005	2,0	
"Бұғы тастар" ескерткішін зерттеу (тастағы суреттер, Торайғыр ауылы)		Облыс мәдениет департаменті, С. Торайғыров атындағы мемлекеттік университет (келісім бойынша)	2006	0,5	Облыстық бюджет
Жиыны			2004-2006	6,5	
Железин ауданы (ескерткіштерді, обелискілерді, монументтерді жөндеу және көріктендіру)					
Кеңес Одағының Батыры И. Бабинның бюсті (Железин ауылы)		Железин ауданының әкімі	2005	0,01	Железин ауданының бюджеті
Жиыны			2005	0,01	
Ертіс ауданы (ескерткіштерді, обелискілерді, монументтерді жөндеу және көріктендіру) И. Байзаков ескерткіші (Ертіс ауылы) Түгел батырдың зираты (Қызылағаш ауылы)		Ертіс ауданының әкімі	2005 2005	0,03 0,04	Ертіс ауданының бюджеті
Жиыны			2005	0,1	
Качиры ауданы (ескерткіштерді, обелискілерді, монументтерді жөндеу және көріктендіру)					
Кеңес Одағының Батыры А. Н. Елгинның бюсті (Қашыр ауылы)		Качиры ауданының әкімі	2005	0,03	Качиры ауданының бюджеті
Кеңес Одағының Батыры М. Катаевтың бюсті (Осьмерыжск ауылы)		Качиры ауданының әкімі	2005	0,11	

						ауданының бюджеті
	Жиыны			2005	0,14	
	Май ауданы (ескерткіштерді, обелискілерді, монументтерді жөндеу және көріктендіру)					
	Қ. Сәтбаевтың ескерткіші (Көктөбе ауылы)		Май ауданының әкімі	2005	0,02	Май ауданының әкімі
	Жиыны			2005	0,02	
	Успен ауданы (ескерткіштерді, обелискілерді, монументтерді жөндеу және көріктендіру)		Успен ауданының әкімі			Успен ауданының бюджеті
	Өлкетану мұражайын қалпына келтіру (Константиновка ауылы)			2005	0,4	
	Кеңес Одағының Батыры К.А. Семенченконың обелискісі (Успен ауылы)			2005	0,03	
	Жиыны			2005-2006	0,4	
2	Археологиялық зерттеулер жүргізу	Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігіне, облыс әкіміне ақпарат	Облыс мәдениет департаменті, С.Торайғыров атындағы мемлекеттік университет (келісім бойынша)			
	"Көп қатпарлы III Шідерті тұрағы" объектісіндегі жұмыстарды ұйымдастыру (республикалық зерттеу)		Облыс мәдениет департаменті, С.Торайғыров атындағы мемлекеттік университет (келісім бойынша)	2005 2006	3,0 5,0	Республикалық бюджет
	Зерттеулер жүргізу (барлау және қазбалар) Лебяжі-1, Торайғыр, Шәуке, қаратұмсық, Жолқұдық		Облыс мәдениет департаменті, С.Торайғыров атындағы мемлекеттік университет (келісім бойынша)	2005 2006	5,7 4,7	Облыстық бюджет
	Май ауданындағы қалабалғасын және Кимек			2005 2006	1,0 1,0	

қаласы орнындағы Қазақстан Республикасы археология институты және қыпшақтану институтының экспедицияларын одан әрі жалғастыру					Облыстық бюджет
Ақбидайық және өлеңті шатқалындағы тастағы суреттерді зерттеу, Ескі Екібастұз кешеніндегі ескерткіштерді зерттеу	Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне, облыс әкіміне ақпарат	Екібастұз қаласының әкімі	2005-2006	2,0 2,5	Екібастұз қаласының бюджеті
Г.Н. Потанин атындағы облыстық тарихи - өлкетану мұражайы қорындағы археологиялық коллекциялар каталогын жасау		Облыс мәдениет департаменті	2005 2006	0,6 0,6	Облыстық бюджет
Қ. Сәтбаевтың ескерткіші		Павлодар қаласының әкімі,	2005	15,0	Павлодар қаласының бюджеті
Ш. Аймановтың бюсті		Баянауыл ауданының әкімі	2004	1,0	Баянауыл ауданының бюджеті
Аудан орталығындағы Баянауыл округінің алғашқы аға сұлтаны Шоң бидің бюсті		Баянауыл ауданының әкімі	2005	1,0	Баянауыл ауданының бюджеті
Халық жасақтары батыр-қолбасшыларының бедерлі портреттері бар ескерткіш стела және қалмаққырған шатқалында өлгендер есімінің тізімдері		Май ауданының әкімі	2006	0,5	Май ауданының бюджеті
Әдеби ескерткіштер мен сирек кездесетін кітаптарды сатып алу		Облыс мәдениет департаменті	2006	0,3	Облыстық бюджет
Мұражай экспонаттарын, қолжазбалар мен фотоқұжаттарды жаңғырту және қайта қалпына келтіру		Облыс мәдениет департаменті	2006	0,5	Облыстық бюджет
Жиыны			2004-2006	44,4	
Барлығы			2004-2006	145,7	

2. Қазақ халқының мәдени мұраларын зерттеудің толық жүйесін құру

3	Этнографиялық зерттеулер, мұражайлар құру, мұрағаттармен жұмыс	Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне, облыс әкіміне ақпарат				
	Ертістің Павлодар өңірі (Г. Потанин атындағы облыстық өлкетану мұражайының базасында) аймағындағы 17-19 ғасырлардағы күміс өнерінің коллекциясын құру үшін экспонаттар сатып алу және жасау		Облыс мәдениет департаменті	2006	8,0	Облыстық бюджет
	"Көшпенділер өркениетінің көне обсерваториясы" қорық-мұражайын құру (Тасмола мәдениеті " Мұртты қорғандар" базасында)		Екібастұз қаласының әкімі	2005-2006	0,5 1,0	Екібастұз қаласының бюджеті
	"Құс жолы" палеонтологиялық табиғи ескерткіш базасында " Ашық аспан аясындағы мұражай" жобасының іске асуы		Павлодар қаласының әкімі, Павлодар мемлекеттік педагогика институты (келісім бойынша)	2006	5,5	Павлодар қаласының бюджеті
	Лебяжі ауданындағы Ямышев орта мектебінің базасында мектеп мұражайын құру		Облыс білім департаменті, Лебяжі ауданының әкімі	2005 2006	0,4 0,3	Лебяжі ауданының бюджеті
	Мұражайлардың Қазақстан және Ресей мұрағаттарындағы жұмысы		Облыс мәдениет департаменті	2005 2006	0,5 0,5	Облыстық бюджет
	Белгілі жерлестердің мұрасын зерттеу, тарихи-мәдени құнды мұрағат құжаттарын алу		Облыс мұрағаттар департаменті	2005 2006	0,5 0,5	Облыстық бюджет
	Музыкалық және сахналық шығармаларды заман табалына сай магниттік аудио жазуларға көшіру	Қазақстан Республикасының мәдениет Министрлігіне, облыс әкіміне ақпарат	Облыс мұрағаттар департаменті	2005 2006	0,3 0,2	Облыстық бюджет
	Н. Шафердің филофоникалық		Павлодар қаласының әкімі	2005 2006	0,8 0,7	

	коллекциясын компакт - дискіге аудару					Павлодар қаласының бюджеті
4	Облыс тарихы мен мәдениет ескерткіштерінің Жиынын дайындау және жарыққа шығару		Облыс мәдениет департаменті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университет (келісім бойынша)	2005 2006	8,0 8,0	Облыстық бюджет
5	Этномәдени зерттеулерін өткізу "Орта Ертіс өңірінің тарихы мен мәдениеті" жобасы аясында этнографиялық экспедициялар ұйымдастыру (облыс аудандары бойынша) қолжазбалар мен сирек кездесетін этнографиялық заттарды жинау, дәстүрлі фольклор жанрының орындаушыларының аудио және бейне жазуларын жасау, облыс мәдени дәстүрлері туралы бейне фильмдер сериясын жасау	Қазақстан Республикасының мәдениет Министрлігіне, облыс әкіміне ақпарат	Облыс мәдениет департаменті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (келісім бойынша)	2005	1,0	Облыстық бюджет
	XVI ғасырдан XXI ғасырға дейінгі Ертістің Павлодар өңіріндегі музыка тарихын толық зерттеу және қалпына келтіру "Ертістің Павлодар өңірінің музыка өнерінің тарихы" екі томдығын басылымға дайындалу және сатып алу		Облыс мәдениет департаменті С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (келісім бойынша)	2005 2006	1,4 0,7	Облыстық бюджет
	Жиыны			2004- 2005	38,8	

3. Бейне фильмдерді, басылымдарды әзірлеу және шығару, бұқаралық ақпарат құралдарында жарыққа шығару, көрнекі жарнама, бұқаралық іс-шаралар

6	Бейнекиноматериалдарды дайындау Павлодардың ескі бөлігі туралы деректі фильм шығару	Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне, облыс әкіміне ақпарат	Облыс мәдениет департаменті	2005	0,1	Облыстық бюджет
				2005		

	"Ертістің Павлодар өңірінің табиғаты" бейнефильмін шығару				0,5	
7	Баспа жұмыстары					
	Облыс қалалары мен аудандары жөнінде Ұлы Отан соғысының 60 жылдығына арналған кітап, деректі жинақтарды баспадан шығаруға дайындау және сатып алу Мұражай істері мен сирек кездесетін заттарды сақтау жөніндегі каталогтар, фотоальбомдар, кітапшалар, анықтамалық құралдарды басып шығаруға дайындау және сатып алу		Облыс мұрағаттар департаменті Облыс мәдениет департаменті	2005 2006 2005 2006	1,0 1,0 9,5 2,7	Облыстық бюджет Облыстық бюджет
	"МТС тарихы бойынша қысқаша анықтаманы" облыстың аумақтық әкімшілік бөлінісі жөніндегі анықтаманы дайындау және шығару	Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне, облыс әкіміне ақпарат	Облыс мұрағаттар департаменті	2005	0,7	Облыстық бюджет
	Ертістің Павлодар өңірінің мәдениет шежірелерін" баспадан шығаруға дайындау және сатып алу		Облыс мәдениет; мұрағаттар департаменттері	2005 2006	2,0 2,0	Облыстық бюджет
	"Рухнама" сериясынан "Кереку-Баян кітапханасы" кітаптарын дайындау және басып шығару (60 том)		Облыс мәдениет департаменті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (келісім бойынша)	2005	15,0	Облыстық бюджет
	"Мәдени мұра" бағдарламасын іске асыру жөніндегі ақпараттық-әдістемелік материалдарды дайындау		Облыс ішкі саясат; мәдениет департаменттері	2005 2005	0,05 0,05	Облыстық бюджет
	М. Жыланбаев, Л. Прокашева, Ю. Никитина, А. Мейрамғалиева, басқа да белгілі спортшылар туралы кітап шығару		Облыс туризм және спорт департаменті	2005	0,5	Облыстық бюджет
				2004		

	Белгілі дәрігер жерлестеріміз туралы бұқаралық ақпарат құралдары жариялау		Облыс денсаулық сақтау департаменті	2005 2006		Қаржыландыруды қажет етпейді
8	Атақты спортшылар құрметіне жарыстар мен турнирлер өткізу		Облыс туризм және спорт департаменті	2005 2006	1,0 1,0	Облыстық бюджет
9	Павлодар облысы аумағы бойынша туристік маршруттар әзірлеу: тарихи ескерткіштер табиғи ескерткіштер		Облыс мәдениет, туризм және спорт департаменттері, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (келісім бойынша)	2005 2006	0,5 0,2	Облыстық бюджет
10	Бейнелеу өнері Павлодарлық суретшілердің шығармаларымен мұражай қорын толықтыру	Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне, облыс әкіміне ақпарат	Облыс мәдениет департаменті, Павлодар қаласының әкімі	2005 2006	1,0 1,0	Павлодар қаласының бюджеті
	Павлодарлық суретшілер жөніндегі каталогтар (ғалым Қаржасов, Александр Гулин, Қажыбек Баймолдин, Михаил Колмогоров, Василий Мартынцев, Валерий Приходько, Павел Лысенко, Иван Лагутин, Панко Величко, Өсербай Шуранов, Виктор Поликарпов, Бота Машрапов, Нағымбек Нұрмұхамедов) сатып алу		Облыс мәдениет департаменті, Павлодар қаласының әкімі	2005 2006	3,5 1,5	Павлодар қаласының бюджеті
	Жиыны			2005 2006	44,8	

4. Ұлттық және әлемдік ғылыми ойлар, мәдениет және әдебиет серияларын әзірлеу

11	Облыстағы археологиялық ескерткіштерді зерттеу мәселелері жөніндегі ғылыми мақалалар жинағын басып шығару	Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне, облыс әкіміне ақпарат	Облыс мәдениет департаменті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (келісім бойынша)	2005	0,3	Облыстық бюджет
12	Қазақ халқының көп ғасырлық ұлттық әдет-ғұрыптары мен салт дәстүрлерін көрсететін "Асыл мұра"	Қазақстан Республикасының Мәдениет	Облыс мәдениет департаменті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік	2005	6,0	

	энциклопедиялық басылымын шығару	министрлігіне, облыс әкіміне ақпарат	университеті (келісім бойынша)			Облыстық бюджет
13	"Қаныш Сәтбаев" энциклопедиясын баспаға шығаруға дайындау және сатып алу		Облыс мәдениет департаменті, Павлодар университеті, Қ.И. Сәтбаев атындағы "Тарихи-географиялық қоғамдық қоры" (келісім бойынша)	2005 2006	0,5 2,0	Облыстық бюджет
14	Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларының жинағын басып шығару (4-8 томдары)	Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне, облыс әкіміне ақпарат	Облыс мәдениет департаменті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (келісім бойынша)	2005 2006	1,0 1,0	Облыстық бюджет
15	Көркем әдебиет қазақ халқының мәдени мұрасын насихаттайтын шетелдік көркем әдебиет материалдарын қазақ тілінде әзірлеу және баспадан шығару, "Нибелунги" (ежелгі герман эпосы), Б. Брехт "Тары" (Ш. Берсиев туралы) басылымдарын сатып алу	Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне, облыс әкіміне ақпарат	Облыс мәдениет департаменті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (келісім бойынша)	2005	2,1	Облыстық бюджет
16	"Ертістің Павлодар өңірінің белгілі әйелдері" энциклопедиясын жасау және жарыққа шығару	Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне, облыс әкіміне ақпарат	Облыс мәдениет департаменті, Павлодар университеті (келісім бойынша)	2005	1,3	Облыстық бюджет
17	Мәшһүр Жүсіп Көпеев кесенесін салу	Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне, облыс әкіміне ақпарат	Облыс мәдениет департаменті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (келісім бойынша)	2005	25,0	Облыстық бюджет
18	2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" бағдарламасының орындалу қорытындылары бойынша ғылыми-тәжірибелік конференция өткізу	Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне, облыс әкіміне ақпарат	Облыс мәдениет департаменті	2006		Қаржыландыруды қажет етпейді

Жиыны			2005- 2006	39,2	
Барлығы			2004- 2006	268,5	

Ескерту: Болжанған шығын сомалары тиісті жылға бюджетті бекіту кезінде қайта түзетілуі мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК